

**Исалиев Алибек Темиржановичтің «8D02197 – Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша «Метамодернизм кезеңіндегі спорттық бал биінің даму тенденциялары: эстетикалық аспекті» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған докторлық диссертация мәтініне
АННОТАЦИЯ**

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі.

Қазіргі спорттық бал биінің даму үдерістерінде метамодернизмнің орталық категориясы саналатын тербеліс (осцилляция) ұғымы екі қарама-қарсы ұғым – спорт пен өнер категориялары арасындағы ауытқуды және олардың бір мезгілде қатар өмір сүруін білдіреді. Бұл тербеліс эмоционалдық компонент арқылы көрінетін ирония мен шынайылық арасындағы тепе-теңдік түрінде, сондай-ақ, форманың эволюциясында айқындалатын конструкция мен деконструкция арасындағы қозғалыс түрінде байқалады. Сонымен қатар, қазіргі спорттық бал биіндегі эклектизм көркем бейнелерде, би формаларында және таңбалық-символдық жүйеде айқын байқалатын түрлі би мәдениеттерінің өзара тербелісін көрсетеді. Мұның барлығы модернизм, постмодернизм және метамодернизм мәдениеттерінің аспектілері арасындағы тербелісті сипаттайды.

Метамодернизмді зерттеушілердің әлеуметтік-мәдени өзгерістерді сипаттауға бағытталған теориялық еңбектері қазіргі таңда әдебиет, музыка, бейнелеу өнері, кино салаларында және т.б. кеңінен қарастырылып келеді. Алайда, метамодернизм контексіндегі хореографиялық өнер саласындағы зерттеулер жеткіліксіз. Осыған байланысты би эстетикасын, әсіресе, спорттық бал биін (би спорты) өнеріндегі жаңа стратегиялар мен саясаттар тұрғысынан зерттеу – хореографиялық өнердегі өзгерістерді кешенді түрде талдауға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Зерттеудің нысаны

Метамодернизм кезеңіндегі хореографиялық өнер.

Зерттеу пәні

Метамодернизм кезеңіндегі спорттық бал биінің эстетикасы.

Зерттеудің мақсаты

Метамодернизм кезеңіндегі спорттық бал биінің көркемдік-эстетикалық модификациясын талдау.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- «метамодернизм» ұғымының негізгі тұжырымдамалары мен сипаттарын дефинитивтік (анықтамалық) талдау аясында айқындау;
- дедуктивті талдау тұрғысынан спорттық бал биінің эстетикасы саласындағы онтологиялық және феноменологиялық тәсілдерді зерттеудің әдістерін анықтау;
- модернизм, постмодернизм және метамодернизм кезеңдеріндегі спорттық бал биінің кеңістік-уақыт параметрлерінің даму динамикасын салыстырмалы әдіс контекстінде талдау арқылы метамодернизмнің орталық категорияларының бірі – тербеліс (осцилляция) ұғымын айқындау;

– мәдени парадигмалар аясында автордың, көрерменнің және персонаждың (хореографиялық бейненің) көзқарасы тұрғысынан семиотикалық талдау көмегімен спорттық бал биінің таңбалық-символдық жүйесінің модификациясын ашу;

– метамодернизм категориясын трансценденттікке телеологиялық ұмтылысы ретінде анықтау үшін репрезентативті форманы интерпретациялау арқылы спорттық бал билеріндегі көркем бейненің герменевтикасын зерттеу;

– метамодернизмнің концептуалдық жүйесі шеңберінде осцилляция динамикасын спорттық бал биіндегі модификациялық өзгерістер мен категориялардың ішкі түрлілік идентификаторы ретінде талдау жүргізу;

– Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің диалогы кеңістігіндегі дәстүрлі қазақ мәдениеті аясында Қазақстандағы спорттық бал биін талдау.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Диссертацияда қарастырылатын мәселелер бірнеше пәнаралық бағыттарды қамтиды: ХХІ ғасырдың басынан бастап философиялық-мәдениеттанулық, өнертанулық әдебиеттер мен цифрлық басылымдарда басты ұғымға айналған «метамодернизм» түсінігін қарастыру; спорттық бал биінің көркемдік-эстетикалық үдерістерін жаһандық деңгейде талдау; Қазақстандағы спорттық бал биін Батыс пен Шығыс би мәдениеттерінің диалогы тұрғысынан зерттеу.

«Метамодернизм» ұғымын қарастырғандар: Т. Вермюлен, Р. ван ден Аккер, Л. Тёрнер, Д. Тот, Р. Эшельман, Э. Гиббонс, Н. Хрущева.

Спорттық бал биінің эстетикасы туралы өнертанушылар, тарихшылар, осы саладағы тәжірибелі орындаушылар мен теория мамандары өз еңбектерінде ой қозғаған.

Эстетика мәселелері практикалық салада келесі теоретиктер мен тәжірибешілердің еңбектерінде қарастырылған: А. Мур, Ф. Ричардсон, Р. Пауэрс.

Бал биінің спорттық биге трансформациялану үдерістері К. Пикарттың еңбегінде талданған.

Еуропалық спорттық бал биі бағдарламасындағы форманың дамуын зерттеу барысында Т. Шиояның еңбегі маңызды әдістемелік маңызға ие болды.

ХХІ ғасырдың басындағы спорттық бал биінің еуропалық және латынамерикалық бағыттарындағы орындаушылық шеберлік эстетикалық категорияларының жағдайын И. Кондрашев өз еңбектерінде қарастырған.

Спорттық бал биінің еуропалық бағдарламасындағы би жұбының көркем бейнесін христиан мәдениетінің рухани құндылықтарының символдық мәні тұрғысынан талдауда Т. Акиндинова мен А. Амашукели еңбегі айтарлықтай үлес қосады.

Спорттық бал биі эстетикасына арналған іргелі әрі аз зерттелген еңбектердің бірі ресейлік өнертану ғылымдарының кандидаты Р. Ворониннің «Философско-эстетические и художественные аспекты танцевального искусства (спортивный балльный танец, вторая половина XX века)» атты диссертациялық зерттеуі болып табылады, онда автор спорттық бал биінің спорт пен өнер саласындағы арақатынасын талдай отырып, оның эстетикалық құрылымын және бейнелеу-өрнектілік қасиеттерін қарастырады. Ворониннің зерттеу ракурсы

метамодернизмнің негізгі категорияларының бірі болып табылатын осцилляцияның сипаттық белгілерін айқындайды, дегенмен, зерттеу мәселесінде спорттық бал биінің осы мәдени парадигма аясындағы даму мәселелері қарастырылмайды.

Отандық зерттеушілердің еңбектерінде спорттық бал биін Қазақстанның көпжанрлы би өнерінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру мәселесі, сондай-ақ, дәстүрлі қазақ мәдениеті мен Еуропа мен Американың әртүрлі өркениеттік кезеңдеріне тән хореографиялық үлгілер арасындағы паритетті диалог контекстінде талдау орын алады. Сонымен қатар, дәстүрлі қазақ мәдениеті мен XIX-XXI ғғ. Еуропалық музыка мен би мәдениетінің вальстік эстетикасы арасындағы диалог феномені Ә. Берікболова мен Е. Дрягинаның еңбектерінде зерделенген.

Осылайша, әдебиеттерді талдау нәтижесінде спорттық бал биінің эстетикасының дамуын мәдени парадигмалар аясында салыстырмалы тұрғыда зерттеу бағытының аз қарастырылғаны анықталды. Бұл өз кезегінде зерттеу нысанын ғылыми тұрғыдан терең тануға және кең ауқымды әдіснамалық құралдарды іздестіруге ықпал етті.

Зерттеудің әдіснамалық негізі

1. Феноменологиялық тәсіл. Формальды және семиотикалық талдау әдістері феноменологиялық тәсіл негізінде жүзеге асырылды. Феноменологиялық тәсілді қолдану өнер туындысын форма мен мазмұнға (формальды-стилистикалық талдауда), не болмаса таңбалаушы мен таңбаланушыға (семиотикалық талдауда) бөлудің «жарылысын» еңсеруге талпынуымен негізделеді. Бұл тұрғыда зерттеуде Э. Гуссерль, А. Габричевский, Р. Лабан, Г. Вёльфлин, Б. Успенский, Ю. Лотман, М. Каган еңбектеріне сүйендік.

2. Онтологиялық тәсіл. Герменевтикалық және иконологиялық талдау әдістері онтологиялық тәсіл арқылы жүзеге асырылды. Онтологиялық тәсілді қолдану еуропалық бағдарламаның спорттық бал биіндегі жұп бейнесінің мәні мен «табиғатын» ашуға ұмтылуымен негізделеді. Хореографиялық өнердегі интерпретацияны зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде келесі ғалымдардың еңбектері пайдаланылды: Х.-Г. Гадамер, Ф. Шлейермахер, Э. Бетти, Б. Успенский, Э. Кассирер, А. Варбург, Э. Панофский.

Диссертациялық зерттеуде келесі әдістер қолданылды:

– формальды талдау әдісі. А. Габричевскийдің формальды талдау әдісі мен Р. Лабанның дене қозғалысын кеңістік пен уақытта талдау әдістерін біріктіру спорттық бал биінің кеңістіктік-уақыттық қатынаста зерттеуге және хореография формаларының, қимыл-қозғалыстар мен позалардың даму эволюциясын талдауға мүмкіндік береді.

– семиотикалық талдау әдісі. Б. Успенскийдің семиотикалық талдау әдісі мен Г. Вёльфлиннің формальды-стилистикалық талдауын біріктіріп қолдану спорттық бал биінің эстетикасын үш қырынан – автор, көрермен және кейіпкер (хореографиялық бейне) тұрғысынан зерттеуге, сондай-ақ, «білімді көз» тұжырымдамасы аясында қарастыруға мүмкіндік береді.

– герменевтикалық талдау әдісі. Э. Беттидің герменевтикалық талдау әдісі мен Б. Успенскийдің иконологиялық әдісін ұштастыра қолдану еуропалық

бағдарламадағы спорттық бал биі жұбының бейнесі мен формасында көрініс тапқан терең мағыналарды ашуға мүмкіндік берді.

– мәдени-тарихи әдіс қоғам мен оның психологиясының даму кезеңдерін бейнелейтін көркемдік ағымдарды зерттеуге мүмкіндік берді;

– компаративистік әдіс модерн, постмодерн және метамодерн дәуірлеріндегі көркемдік үдерістерді талдауда қолданылды;

– дефинитивтік талдау әдісі «метамодернизм» ұғымының тұжырымдамалары мен сипаттамаларын құрылымдауға мүмкіндік берді.

– дедуктивтік әдіс спорттық бал биінің эстетикасы саласындағы феноменологиялық және онтологиялық тәсілдерді айқындауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы келесі аспектілерден көрініс табады:

Бірінші жаңалығы: метамодерннің әдіснамалық негіздерін кешенді және жүйелі зерттеу жүзеге асырылып, спорттық бал биі мен басқа да хореографиялық өнер түрлеріндегі көркем-эстетикалық үдерістерді айқындауға арналған әдіснамалық құралдар жүйесі жасалды.

Екінші жаңалығы: спорттық бал биінің еуропалық бағдарламасында жұп ішіндегі форманың сыртқы өзгеріс сипаты мен кеңістік-уақыт хронотопының біртұтастығы модерн, постмодерн және метамодерн дәуірлерінің мәдени және көркемдік мәндері ретінде ашып көрсетілді.

Үшінші жаңалығы: спорттық бал биінің еуропалық бағдарламасындағы белгілік-символикалық жүйелер үш көркемдік дәуірдің эстетикалық талғамдары мен ұстанымдары тұрғысынан анықталды.

Төртінші жаңалығы: спорттық бал биінің еуропалық бағдарламасындағы би жұбының бейнелілігі христиан мәдениетінің рухани құндылықтарының символдық мәні тұрғысынан негізделді.

Бесінші жаңалығы: спорттық бал биінің эстетикалық құрылымында метамодернизмнің мынадай категориялары анықталды – тербеліс (осцилляция), трансценденттікке телеологиялық ұмтылыс (руханилықтың қайта жаңғыруы, прагматикалық романтизм), сондай-ақ, гибридтілік пен эклектика.

Алтыншы жаңалығы: Қазақстандағы спорттық бал биінің дәстүрлі қазақ мәдениеті контекстіндегі интеграциясының ерекшелігі ырғақтық сезім мен жарыстық (агональность) элементтер тұрғысынан бағаланды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

Тұжырым 1. Метамодернизм категорияларының контекстінде жасалған, спорттық бал биіне тән көркемдік-эстетикалық аспектілерді талдауға кешенді көзқарас қамтамасыз ететін әдіснамалық құралдар жүйесі ұсынылды. Бұл әдіснама форма эволюциясын, ырғақтық құрылымын, эмоционалды өрнегін зерттеуді қамти отырып, зерттеу нысанының мәндік мазмұнын және оның осы мәдени парадигма аясындағы даму ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Ұсынылған әдіснамалық құралдар хореографиялық өнердің өзге бағыттарына да қолдануға әлеуетке ие.

Тұжырым 2. Осы зерттеу аясында спорттық бал биінің еуропалық бағдарламасындағы би жұбының формалық құрылымындағы морфологиялық түрленулердің сипаты анықталды. Еуропалық бидегі кеңістік-уақыт

хронотопының бірлігіне талдау жүргізіліп, ол модерн, постмодерн және метамодерн дәуірлерінің мәдени және көркемдік нарративтерін бейнелейтін кеңістік пен уақыт детерминанттарының жиынтығы ретінде интерпретацияланды. Модерн дәуірінде би фигуралары мен композицияларының құрылымдық элементтерін ұйымдастыруда «прогресс» айқын байқалды. Бұл кезеңге тән белгілер – геометриялық сызықтылық, фигуралардың қатаң формализациясы және дененің тік бағытталуы, яғни индустрияландыру мен рационализмнің ықпалын бейнелейді. Постмодерн кезеңінде «деконструкция» үрдісі байқалып, ол орнатылған форма мен құрылым шеңберінен шығумен сипатталды. Ал метамодерн дәуірінде «тербеліс» ұғымы спорт пен өнер категорияларының арасында ауытқу ретінде көрініс табады.

Тұжырым 3. Еуропалық бағдарламаның спорттық бал билеріндегі семиотикалық жүйе модерн, постмодерн және метамодерн дәуірлеріне тән мәдени-эстетикалық парадигмалар мен талғамдардың ықпалымен айтарлықтай трансформацияға ұшырады. Бұл өзгерістер автор, көрермен және кейіпкер (хореографиялық бейне) көзқарастары тұрғысынан қарастырылды. Модерн дәуірінде автордың рөлі басымдыққа ие болды. Көрермен тұрғысынан алғанда, тік бағытта қалыптасқан қарапайым форма, еркін орындалу және пассивті қозғалыс сырт көзге жеңіл көрінгенімен, қабылдаушының ішкі рухани әлемінің тереңдігімен өтеледі. Кейіпкер тұрғысынан алғанда, классикалық музыканың бағдарламалық сипаты – тік жоғары ұмтылыс идеясы – эмоциялық тұрғыдан жанашырлық пен рухани ізденістің бейнесін қалыптастырады. Постмодерн дәуірінде автор тұрғысынан рөлдердің автордан орындаушыға ауысуы байқалады. Көрермен тұрғысынан алғанда, қабылдаушының ішкі рухани әлемі мен көркемдік үдерістер арасында белгілі бір тепе-теңдік байқалады: бұл тепе-теңдік көлденең және сагитталдық жазықтықтардың бірігуі, қозғалыстың қарқыныдылығы мен кеңістіктегі динамика арқылы көрінеді. Кейіпкер тұрғысынан алғанда, қозғалыс амплитудасының ұлғаюы арқылы эмоциялық әсерліліктің артуы байқалады. Метамодерн дәуірінде автор тұрғысынан шығарманың нақты авторға тиесілігі жойылып, хореографиялық лексика би қауымдастығының ортақ мәдени мұрасына айналады. Көрермен тұрғысынан алғанда, қабылдаушының рухани әлемі аз қаныққанымен, бұл орнын спорттық бимен сипатталатын жоғары қарқын, жылдамдық және экспрессивтілік толтырады. Кейіпкер тұрғысынан қозғалыс амплитудасының одан әрі ұлғаюы эмоциялық әсердің күшеюіне алып келеді.

Тұжырым 4. Зерттеу барысында еуропалық бағдарламадағы спорттық бал биіндегі би жұбының көркем бейнесі христиандық мәдениетпен трансценденттік байланыс тұрғысынан интерпретацияланды. Еуропалық спорттық бал биі бағдарламасындағы би жұбының сыртқы пішіндік ұқсастығы мен крест (айқыш) бейнелі формалық құрылымының Иисус Христтің архетиптік бейнесімен ішкі (имманентті) байланысы анықталды. Би жұбының қалыптасуындағы оң жақтың символдық мәні, сондай-ақ, жұп ішіндегі уақыттың кеңістік-уақыттық хронотопы – қозғалыстың сағат тіліне қарсы бағытталуы – христиан мәдениетінің рухани құндылықтарын бейнелейтін иконалық кескін композициясын құрудың жалпы қағидаттарын көрсетеді.

Тұжырым 5. Метамодернистік үрдістердің эстетикалық құрылымында көрініс табуы спорттық би эстетикасындағы көркем-эстетикалық аспектілердің спорт пен өнер категориялары арасындағы, би жұптарының жылдам және баяу қозғалыстарының контрастындағы, сондай-ақ, музыкалық материалда классикалық және эстрадалық музыкамен қатар, спорттық бал билері ырғағына бейімделген поп-музыка ремикстеріне жүгіну арқылы байқалатын тербеліс (осцилляция) құбылысы арқылы сипатталады. Трансценденттікке телеологиялық ұмтылыс (руханияттың жаңғыруы, прагматикалық романтизм) еуропалық бағдарламадағы спорттық бал биіндегі би жұбының көркем бейнесін символдық мағына мен архетиптік бейне тұрғысынан интерпретациялау арқылы көрініс табады; ал гибридтілік пен эклектикалық сипат әртүрлі стильдер, жанрлар мен мәдени дәстүрлердің әдейі тоғыуы және спорт пен өнер категорияларының араласуынан байқалады. Аффект қарқынды эмоционалды көрініспен және жұптың көз жанасуын азайту тенденциясымен көрінетін эмоционалды қатысу мен ажырау арасындағы тербелісте анықталады. Бұл көз жанасуын азайту үрдісі спорттық бал биінің латынамерикалық бағдарламасында анық байқалады.

Тұжырым 6. Спорттық бал биінің Қазақстан мәдени кеңістігіне ену ерекшелігі Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің диалогы тұрғысынан, дәлірек айтқанда, дәстүрлі қазақ мәдениеті контекстінде қарастырылады. Ритм жүйе құрушы элемент ретінде әртүрлі би дәстүрлерін байланыстыратын өзіндік «көпір» қызметін атқарады. Осылайда, спорттық бал биінің еуропалық бағдарлама музыкасының квадраттық ырғақтық формуласы модернизм дәуіріндегі метрлік құрылымнан бастау алып, метамодрнизм кезеңінде ырғақтық өрнектің алуан түрлілігімен және кеңеюімен сипатталып, музыкалық форманың ішкі дамуы мен ырғақтық өрнегінің эволюциясын көрсетеді. Бұл құбылыс квадраттық емес музыкалық құрылымға және оған тән ырғақтық сезімге жақындығын айқындайды, ал мұндай ырғақ сезімі Орталық Азияның музыкалық би мәдениетіне тән ерекшелік болып табылады. Әртүрлі ырғақтармен басқару – «ойын» феноменінің көрінісі болып табылады. «Ойын» экзистенциалдық құрылым ретінде бәсекелестік мәнді бір мезгілде тудырып та, оны білдіріп те отырады, бұл өз кезегінде спорттық бал билерінің сайыстық табиғатынан айқын көрініс табады.